

Татьяна Ахметова, «Қазақ тілі» кафедрасының менгерушісі

«Туған жер» -саналы ұрпақты тәрбиелеу негізі

«Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді»
Н.Назарбаев.

Елбасымыз өз мақаласында ұсынған «Туған жер» жобасы саналы ұрпақты тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады. Бұл жобаның негізгі мақсаты – қазақстандықтардың бойында патриоттық сезімді ояту. «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады», -дейді өз мақаласында Н.Назарбаев. Туған жерге деген сүйіспеншілік – «кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени- генетикалық кодының негізі». Бүгінгі жастар – ертеңгі еліміздің болашағы. Бүгінгі жастар қандай болса, елімізде сондай болады. Елбасымыз айтқандай «бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі».

Әрине, бұл жұмыс жоғары оқу орындарында да жалғасын табуы тиіс. Осы бағытта біздің негізгі мақсатымыз – студенттерімізді өз елінің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін, тарихи тұлғалары мен тарихи ескерткіштерін құрметтеуге үйрету. Бұл жобаны сәтті жүзеге асыру тек тәрбие жұмысын ұйымдастыру арқылы ғана емес, сонымен қатар, оқу процесінде де орын алуы тиіс. Бұл іске университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері ат салысуы қажет. Мен өз сөзімде ТжӘИ құрамындағы кафедраларының жұмысына толталмақпын. Институт «Туған жер» жобасын жүзеге асыру үшін көптеген ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, дебаттар, ашық алаңдар мен алуан түрлі тәрбиелік іс-шаралар өткізуді жоспарлайды. Сонымен қатар, кафедраларда бұл жұмыс оқу процесіне өзгертулер енгізу арқылы да жүзеге асырылуда.

Тілдік кафедраларда, **«Қазақ тілі» және «Шет тілдері»**, «Туған жер» жобасы практикалық сабақтарды елтану материалына негіздеп игерту, тақырыптық сабақтар өткізу, СРСП тапсырмаларын өзгерту арқылы жүзеге асырылады.

Шығарушы кафедралар: **«ГРФ»**, **«Орыс тілі мен әдебиеті»**, **«Қазақ филологиясы» және «Журналистика» кафедралары** ОБ бойынша «Туған жер» аясында:

1. Элективтік пәндерді енгізуді көздейді: **ГРФ** кафедрасы – «Теория и практика ономастических исследований», «Принципы и методы лингвистических (ономастических) исследований» – бұл элективтік пәндер білім алушылардың тілдік, лингвистикалық құзыреттілігімен қатар, оларға патриоттық тәрбие беруге бағытталған. Осы пәнді игеру барысында студенттер ономастикалық зерттеулер жүргізеді. «Елтану» курсына еліміздің географиялық жағдайы, саяси жүйесі, салт-дәстүрлері, этнолингвистикалық ерекшеліктері қарастырылады. **Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы:** «Этнопоэтика», «Лингвопоэтика», «Лингвокультурология», «Ментальность и ее отражение в поэзии» курстары әзірленіп, шағын ел проблемасы көтеріледі, көп тілді қоғамда толеранттылық қалыптасады. «Ономастика», «Филологическое краеведение» (доц. Сабиева Е.В.). курстарында студенттер өз аймағының ономастикасы, топонимикасы мен ойконимиясымен танысып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. «Филологическое

краеведение» курсы аясында халықтың тарихы, этностардың мәдени салт-дәстүрлері зерттеледі. **«ҚФ» кафедрасы:** Мағжантану, Сабиттану, Ғабиттану курстарының мақсаты - студенттер мен магистранттарды өңіріміздің атақты жазушыларының шығармаларымен таныстрыып, насихаттау.

2. Жоғары аталған элективтік курстар бойынша ОӘҚ, ПОӘҚ әзірленіп, баспадан шығару көзделеді. Мысалы: «Этнопоэтика», «Основные мотивы ономастической номинации» ОӘҚ (Какимова М.Е.) «Теория и практика ономастических исследований» УМКД (Какимова М.Е.) және т.б.

3. Элективтік курстар негізінде студенттер курстық және дипломдық жұмыстар жазады. Мысалы: **ГРФ кафедрасында** «Страноведение» ЭП негізінде өз өңірінің тілдік, лингвистикалық, структуралық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде зерттейді. **Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасында** 2017 -2018 оқу жылына келесі дипломдық жұмыстардың тақырыптары жоспарланған: Поэтическое наследие СКО как средство формирования толерантности социума (Табакова З.П.), Концепт труд в русской и казахской поэтической картине мира (Табакова З.П.), Диалог культур и языков в творчестве североказахстанских поэтов (Табакова З.П.), Аксиологическая модель семьи в языковой картине мира разных этносов(Табакова З.П.), Функционирование тюркских заимствований в условиях взаимодействия русской и казахской литературы (Дарбаева Ж.С.), Региональная аккультурация в условиях контактного двуязычия (Дарбаева Ж.С.), Процессы русско-казахской интерференции в условиях контактного двуязычия (Дарбаева Ж.С.), Проблема этнокультурного восприятия тюркизмов на материале газетной публицистики Северного Казахстана (Дарбаева Ж.С.), Особенности семантизации тюркизмов в газетных текстах Северного Казахстана (Дарбаева Ж.С.), Функции гиперболы в рекламе туристического бизнеса (на матерале СКО) (Мисяченко С.В.) және т.б. **«ҚФ» кафедрасы** - «Қазіргі қазақ прозасындағы туған жер тақырыбы», М. Жұмабаев, С.Сейфуллин, Қ.Аманжолов, К.Салықов, Ж.Молдағалиев, Қадыр Мырза-Әли, М.Шаханов поэзияларындағы туған жер тақырыбы, Мұхтар Мағауин повестеріндегі ұлттық характер, С. Мұқанов пен Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы топонимдік атаулардың лингвокогнитивтік аспектісі, Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы сал-серілік дәстүр, С.Мұқанов романындағы диалогты қолдану ерекшелігі («Ботакөз», «Сырдария» романдары» бойынша), Солтүстік Қазақстан өңіріндегі қазіргі кезең ақындары поэзиясының тіл өрнегі», Сал-серілер поэзиясы: үндестік пен ерекшеліктер», Қазақ поэзиясындағы туған жер бейнесі (XX ғасыр поэзиясы негізінде), Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі ауыл бейнесі және т.б. **«Журналистика» кафедрасы** - Полиязычие как путь познания этнокультуры и практики межкультурной коммуникации. Новые формы и технологии работы с молодежью кафедры АНК СКГУ имени Манаша Козыбаева. Освещение организации государственной этнополитики и этноконфессиональных отношений в средствах массовой коммуникации СКО и Казахстана. Роль институтов местной власти и СМИ в реализации программы «Туған жер». План нации «100 конкретных шагов» и молодежь (на материале СМИ и отчетов департамента по воспитательной работе СКГУ им.М.Козыбаева)

4. «Туған» жер» тақырыбында жазылған студенттер мен магистранттардың жұмыстары республикалық СҒЗЖ байқауына жіберіледі.

5. Кафедралардың оқытушылары, магистранттары мен студенттері «Туған жер» тақырыбына қатысты ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, мақалалар жариялайды.

6. «Туған жер» тақырыбы төңірегінде ғылыми-әдістемелік семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу жоспарланады.

Сонымен, ТжӘИ ұжымы Елбасымыз ұсынған «Туған жер» жобасын толығымен қолдап, оны жүзеге асыруды оқу процесін ұйымдастыру барысында қамтамасыз етеді. Алдағы уақытта да осы бағытта табысты жұмыс жасауға барлық мүмкіндіктерді қарастырамыз.

